

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт  
министрлігі Мәдениет  
комитетінің төрағасы



Р. Қарибжанова

«БЕКІТІЛДІ»

«Жамбыл атындағы Қазақ  
мемлекеттік филармониясы»  
ФМҚК-нің директоры



А. Абдуалиев

## Нұрғиса Тілендиев атындағы Республикалық дирижерлер байқауын өткізу қағидалары

### 1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Нұрғиса Тілендиев атындағы дирижерлер Республикалық байқауын өткізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 9) және 12) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 56 бұйрығымен бекітілген Республикалық байқаулар мен фестивальдерді өткізудің үлгілік қағидаларының 6-тармағына сәйкес әзірленді және Нұрғиса Тілендиев атындағы Республикалық дирижерлер байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізу тәртібін айқындайды.

2. Байқауды Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің қолдауымен Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының Ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) өткізеді.

### 2-бөлім. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

3. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

- 1) қазақстандық дирижерлік мектептің дәстүрлерін сақтау және одан әрі дамыту;
- 2) жаңа есімдерді шығару және таныту, дирижерлік өнер саласында талантты жастардың кәсіби өсуіне жағдай жасау;
- 3) дарынды және талантты музыканттарды анықтау және ынталандыру, Қазақстанның мәдени имиджін арттыру.

### 3-бөлім. Байқауды өткізу тәртібі

4. Байқау 2023 жылдың 20-22 қыркүйек аралығында Алматы қаласында өткізіледі.

5. Байқауға Қазақстан Республикасының Мәдениет және өнер саласындағы 18 бен 35 жасқа дейінгі дирижерлері және жоғары оқу орындарының студенттері қатыса алады.

6. Байқау 5 сатыдан тұрады:

1) I саты – 2023 жылдың 14-25 тамыз аралығында – осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша Байқауға қатысу үшін өтінімдерді электрондық нұсқада мынадай құжаттар мен материалдарды (бұдан әрі-өтінім) қоса бере отырып қабылдау:

жеке басын куәландыратын құжаттың PDF көшірмелері;

шығармашылық өмірбаяны;

13x18 сантиметр көлеміндегі Байқауға қатысушының түрлі-түсті фотосуреті (JPEG форматында);

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінде дербес шоттың болуы туралы анықтамалар;

білім туралы дипломның көшірмелері;

оқу орнынан анықтамалар (студенттер үшін);

байқауға қатысушының дирижерлығын көрсететін бейнеролик.

2-қосымшаға сәйкес 1-турда таңдауға болатын 2 туындының (ірі және кіші нысанда) өтінімі мен орындалатын шығармалар бағдарламасы, 2-турда таңдауға болатын 2 туындының (ірі және кіші нысанда) орындалатын шығармалар бағдарламасы электрондық поштаға жіберіледі: [kazakh.philharmonic@mail.ru](mailto:kazakh.philharmonic@mail.ru), анықтама телефоны: 8 727 291 7149, +7 776 632 40 00;

2) II саты – 2023 жылдың 1 қыркүйекке дейін-осы Қағидалардың 5-тармағына және 6-тармақтың 1) тармақшасына сәйкес ұсынылған өтінімдерді қарау және қабылдау. Конкурсқа қатысушылар осы Қағидалардың 5-тармағына және 6-тармақтың 1) тармақшасына сәйкес келмеген жағдайда ұсынылған өтінімдері қарауға жатпайды;

3) III саты – 1 тур. 2023 жылдың 20-21 қыркүйек аралығында өткізіледі;

4) IV саты – 2 тур. 2023 жылдың 22 қыркүйегінде өткізіледі;

5) V саты – 2023 жылдың 22 қыркүйегінде - Байқау қорытындысын шығару және Байқау лауреаттарының қатысуымен Гала-концерт өткізіледі.

7. Байқауға қатысудан бас тартқан жағдайда осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттар қатысушыларға қайтарылмайды.

8. Байқаудың II сатысынан өткен қатысушылар Алматы қаласына Қағидалардың 6-тармағының 3), 4), 5) тармақшаларында көрсетілген мерзімдерде Байқауға келеді және қатысады.

Байқауға қатысушыларға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысымен бекітілген қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды бюджет қаражаты есебінен, оның ішінде шет мемлекеттерге өтеу қағидаларының 3-тармағына сәйкес Алматы қаласында айлық есептік көрсеткіштің жеті еселенген мөлшерінен және іссапарда болған әрбір күн үшін екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тәулігіне тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығыстар өтеледі.

Байқауға қатысушылардың жол және көлік шығындары өз есебінен төленеді.

9. 1 және 2 турда өнер көрсету тәртібі Байқауға қатысушылар арасында жеребе салу арқылы белгіленеді және Байқаудың соңына дейін сақталады.

10. Байқауға қатысушылар Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының Нұрғиса Тілендиев атындағы «Отырар сазы» Академиялық фольклорлық-этнографиялық оркестрінің сүйемелдеуімен музыкалық шығармаларды даярлайды және 1 - 2 турда орындайды.

11. Гала-концертке Байқау бағдарламасына сәйкес қаламақы өтеусіз негізде бас жүлде иегері және I, II, III орындардың лауреаттары қатысады.

12. Ұйымдастыру комитеті қатысушылардың және Гран-при иегері мен Байқаудың I, II, III орындарының лауреаттары мен дипломдарының, «Нұрғиса Тілендиевтің шығармаларын үздік орындағаны үшін» дипломының иегерлерінің өнер көрсеткен фото және бейнематериалдарын жарнамалық мақсатта пайдалану құқығын өзіне қалдырады.

13. Байқаудың Гран-приі мен I, II, III орындарының лауреаттарын «Нұрғиса Тілендиевтің шығармаларын үздік орындағаны үшін» дипломы иегерін дипломдармен марапаттау рәсімі Алматы қаласында өтеді. Іс-шара «АВАІ TV» республикалық телеарнасында, сондай-ақ Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының YouTube каналында көрсетіледі

#### **4-бөлім. Ұйымдастыру комитеті**

14. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін осы Қағидаларға 3 – қосымшаға сәйкес құрамда Байқау өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті) құрылады.

15. Ұйымдастыру комитеті Байқауды дайындау мен өткізуге басшылықты жүзеге асырады.

16. Байқауды жарнамалау мақсатында Ұйымдастыру комитеті бұқаралық ақпарат құралдарына баспасөз хабарламаларын ұсынады және осы Қағидаларды Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының **jambyl-philharmonic.kz** интернет-ресурсында орналастырады.

17. Ұйымдастыру комитеті іс-шараны ақпараттық-жарнамалық қолдау түрлерін айқындайды.

18. Ұйымдастыру комитетінің байланыс деректері: тел.: 8 727 291 7149, +7 776 632 40 00, электрондық пошта [kazakh.philharmonic@mail.ru](mailto:kazakh.philharmonic@mail.ru)

### **5-бөлім. Байқаудың Қазылар алқасы**

19. Байқауға қатысушылардың өнерін бағалау, сондай – ақ қорытындыларды шығару және жеңімпаздарды айқындау туралы шешімдер қабылдау үшін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес құрамда Байқаудың қазылар алқасы (бұдан әрі-қазылар алқасы) құрылады.

Байқау қазылар алқасының құрамына жетекші мәдениет және өнер қайраткерлері, дирижерлік өнер саласындағы халықаралық байқаулардың лауреаттары кіреді.

20. Қазылар алқасының құрамы, оның ішінде төраға тақ санда болуы керек.

21. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды, хаттамамен ресімделеді және қазылар алқасының барлық мүшелері қол қояды.

22. Дауыстар тең болған жағдайда қазылар алқасы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Байқаудың қазылар алқасы құқылы:

- 1) конкурсқа қатысушының шығарманы орындау кезінде тоқтатуға;
- 2) ұйымдастыру комитеті айқындаған ақшалай сыйлықтарды бермеуге немесе (Гран-придан басқа) үміткерлер арасында бөлуге.

24. Қазылар алқасының мүшелеріне Байқау өткізу шеңберінде көзделген қаражат шегінде гонорар, сондай-ақ Алматы қаласына және кері жол жүру, тамақтану, жатын орын және Алматы қаласы бойынша көлікпен жол жүру шығындары төленеді.

25. Мемлекеттік қызметшілер болып табылатын қазылар алқасының мүшелеріне және мемлекеттік ұйымдарда немесе квазимемлекеттік сектор субъектілерінде басқару функцияларын орындайтын адамдарға «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес гонорар төленбейді

26. Егер конкурсқа қатысушы қазылар алқасының шешімімен келіспесе, онда ұйымдастыру комитетінің төрағасына жүгіне алады

### **5-бөлім. Байқауды қаржыландыру**

27. Байқауды өткізуді қаржыландыру «2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қаражат шеңберінде 106 «Мәдениет және өнер саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, Қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу және дәріптеу және мұрағат ісін іске асырудың тиімділігін арттыру» 033 театр-концерт ұйымдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» кіші бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

28. Байқау номинациялары бойынша жалпы қоры 5 178 000 тенге құрайтын ақшалай сыйлықтар белгіленеді:

- 1) Гран-при
- 2) I орын
- 3) II орын
- 4) III орын
- 5) Диплом
- 6) «Нұрғиса Тілендиевтің шығармаларын үздік орындағаны үшін» дипломы.

Жеңімпаздар диплом, ақшалай сыйлық және естелік сыйлықтармен марапатталады.

### **6-бөлім. Қорытынды ереже**

29. Осы Қағидаларда көзделмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

Нұрғиса Тілендиев атындағы  
Республикалық дирижерлер  
байқауын өткізу  
қағидаларына 1-қосымша  
нысан

### **Нұрғиса Тілендиев атындағы республикалық дирижерлер байқауына қатысуға өтінім**

Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
Туған күні	
Қатысушы туралы қосымша ақпарат (жұмыс, оқу орны және т.б.)	
Қандай оқу орнын бітірген және қашан, аттестат (бар болса)	
Педагогтің тегі, аты	
Нұрғиса Тілендиев	1 тур

<p>атындағы Республикалық дирижерлер конкурсын өткізу қағидаларына 2- қосымшаға сәйкес 2 туындының (ірі және кіші нысандағы) орындау бағдарламасы</p>	<p>2 тур</p>
<p>Байланыс деректері: тұрғылықты мекенжайы, телефоны, электрондық почтасы</p>	

Нұрғиса Тілендиев атындағы  
Республикалық дирижерлер  
байқауын өткізу  
қағидаларына 2-қосымша

### **I турдың бағдарламасы**

I. Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының Нұрғиса Тілендиев атындағы «Отырар сазы» Академиялық фольклорлық-этнографиялық оркестрімен жұмыс

1) Ірі нысандағы қазақстандық композиторлардың шығармалары (қатысушының таңдауына бір шығарма):

1. С. Мухамеджанов «Шаттық Отаны»
2. К. Кумисбеков «Дала сыры»
3. М. Койшыбаев «Қазақстан»
4. Б. Жуманиязов «Серпін»
5. К. Кумисбеков «Фараби сазы»

2) Төкпе немесе шертпе күй

### **II турдың бағдарламасы**

I. Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының Нұрғиса Тілендиев атындағы академиялық фольклорлық-этнографиялық «Отырар сазы» оркестрімен жұмыс

1) Н. Тілендиевтің шағын нысандағы туындысы (қатысушының таңдауына бір шығарма):

1. «Алтын дән»
2. «Махамбет»
3. «Атадан мұра - Нұрсұлтан»
4. «Бауырлаштарым»
5. «Жеңіс салтанаты»
6. «Еңбек қуанышы»

2) Аккомпанемент (қатысушының таңдауына Н. Тілендиевтің бір вокалдық немесе аспаптық шығармасы):

Вокалдық шығармалар:

1. Абай «Жасымда ғылым бар деп ескермедім»
2. Абай «Мен көрдім ұзын қайың құлағаның»
3. К. Шанғытбаев «Дубосеково зиратында»
4. Н. Шакенов «Ақ шағала»
5. Н. Шакенов «Жан сәулем»
6. М. Макатаев «Кел, еркем Алатауыңа»
7. Т. Молдағалиев «Қарлығаштар»

Аспаптық шығармалар:

1. «Аққу»
2. «Ақсақ құлан»
3. «Абай табиғаты»

